



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәтіндік ақпаратты өңдеу технологиясы. Мәтіндік редактор [Электрондық ресурс]. URL: <http://infolike.narod.ru/info2.html> (қаралған күні: 11.06.2022)
2. М.С.Цветкова, Л.С.Великович. Информатика және АКТ: бастықтарға арналған оқулық және орта.проф. білім // М.: «Академия» баспа орталығы, 2013. [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.belgtis.ru/images/obuch/pm/InformatikaIKTDlyassuzovCvetkovaMS.pdf> (қаралған күні: 11.06.2022)
3. Одноблюдова А. М. «Информатика» пәні бойынша оқу құралы 4–тақырып. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру технологиясы. «Microsoft Word» мәтіндік редакторы [Электрондық ресурс]. URL: <https://nsportal.ru/npo-spo/informatika-i-vychislitel'naya-tekhnika/library/2018/07/23/uchebnoe-posobie-po-uchebnoy> (қаралған күні: 20.06.2022)
4. Гугуева С.К. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру технологиялары. [Электрондық ресурс]. URL: https://pu8vertol.ru/Informatika/razdel_4.pdf (қаралған күні: 20.06.2022)
5. Наталья Виллевалд. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру технологиясы. [Электрондық ресурс]. URL: <https://pandia.ru/text/79/005/26887.php> (қаралған күні: 20.06.2022)
7. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ф.Бостанов / Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: / Оқулық. Алматы, 2014. 352 б.

ӘОЖ 3701

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

*Есекеева Анжота Бикеновна
Курманова Галия Хасеновна
Кендирова Айым Талғатовна
Әулікөл бастауыш мектебінің
бастауыш сынып мұғалімдері
Әулікөл ауылы, Қазақстан
Е – mail: bikenovna@inbox.ru*

Аңдатпа

Авторлар мақалада Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеясын қолдана отырып, инновациялық әдістерді кеңінен қолдана білген. Оның мұрасы мектеп қабырғасында өміршең деп сөз етеді. Шығармаларын өзінің тәжірибесінде жаңа технология элементтерін қолдану тиімді деп көрсетеді. Заман талабына сай үндестігін ашып көрсете білген. Инновациялық тәжірибесінде оңтайлы әдістерді ортаға салады.

Түйінді сөздер: *Ыбырай Алтынсарин, мұғалім, инновация, заманауи, жаңаша*

Аннотация

В статье авторы нашли широкое применение инновационным методам, используя просветительскую идею Ибрая Алтынсарина. Его наследие считается жизнеспособным в стенах школы. В своей практике он показывает, что использование элементов новой технологии эффективно. Он сумел раскрыть гармонию, отвечающую современным требованиям. В инновационной практике используются оптимальные методы.

Ключевые слова: *Ибрай Алтынсарин, учитель, инновации, современный, новый.*

Abstract

In the article, the authors found wide application of innovative methods using the educational idea of Ibray Altynsarin. His legacy is considered viable within the walls of the school. In his practice, he shows that the use of elements of the new technology is effective. He was able to reveal harmony that meets modern requirements. In innovative practice, optimal methods are used.

Key words: *Ibray Altynsarin, teacher, innovation, modern, new.*

Бастауыш сынып – бұл оқушы санасының ең жылдам дамиды аса құнды, қайталанбас кезеңі болғандықтан оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы екендігі сөзсіз. Қазіргі таңда ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің мұрасы мектебіміздің өмірінде әрбір әріптесімнің тәжірибесінде еніп, бала тәрбиелеу құралына айналып отыр. Қай шағын әңгімесін алып қарасаңыз, өзектілігі кейіпкерін еңбекке, мейірімділікке шақырып отырады. Иә, ұстаз шығармаларына қарап, тәрбиеші деп те тұжырым жасадық. Өйткені, шағын әңгімелерінің мазмұнының ұтымдылығы уақыт үнемдей отыра, оқырманына ақыл–ой салады. [4, б. 38–39] Айналаңа зер сал, жәндіктердің өзі де еңбек етіп, тіршілік үшін күреседі деп, оқушы санасына ой тастайды. Сондықтан жаңартылған білім аясында «Ыбырайо қулары» атты тақырыпта үлесімді қосып, инновациялық іс–тәжірибеммен бөліскіміз келді. Әр сабағымызда ұстаздың «Егер шәкірт түсінбесе, оған мұғалімі ғана кінәлі» деген сөздерін жадымда ұстап, әр шәкіртіме жеке көңіл бөлеміз. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімі ретінде негізгі ұстанған мақсатым – білімнің жаңа үлгісіне талпынып, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа

технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда – оқу үрдісін дамыту. Бұған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел деп ойлаймыз. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін – өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой – өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, оқушыларды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат – мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. [5, б. 25–26] Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең.

Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Міне, осы мақсатта инновациялық әдістерді қолданып жүрмін. Міндетіміз – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Яғни, санасын қалыптастырып, білімге деген құлшынысын оятатын, ертеңге сеніммен қараудың бастамасын беретін бастауыш сыныптың орны ерекше. Заман талабына сай инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолданудың ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең бастысы технологияларды әрқашан да тиімді, жүйелі қолдану керек деген ойдамын. [6, б. 12–13]

Өзіміздің тәжірибемізде жаңаша әдіс – тәсілдерді оқыту үрдісіне енгізуде мынадай нәтижелерге қол жеткіздік. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Олардың әрқайсының деңгейін анықтай алуға болады. Оқушылардың қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық беңбек етуге жол салады. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс – әрекетке қабілетті, еркін және жан – жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс – тәсілдерін іздестіру оны тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Жаңартылған білім шеңберінде әрбір мұғалім өз мүмкіндігінше жаңа әдіс – тәсілдерді меңгеріп, өз үлестерін қосқанда ғана білім сапасы арта түсетінінаңғардық. Заман талабына сай ақпараттан – дырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып, оқушының танымдық жөнешығармашылығын арттыру – өмір талабы. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Күнделікті сабақта оқытудың жаңа әдістерді тәжірибеме кеңінен енгіздім. Мысалы, «Дөңгелек үстел», «Брифинг», «Презентация», «Аукцион», бейнетаспа, пікір – сайыс, проблемалық іздену, интеллектуальды ойындар оқу сауаттылығын арттыруда көмегі зор. [7, б. 23–24] Мәселен, «Өзен» өлеңін тек мәнерлеп оқып қана қоймай, «Екі жақты күнделік» әдісі арқылы білім мен еңбекті тығыз байланыстырып, білім болашаққа апаратын жол екеніне мазмұнды суреттерді талдатып барып қол жеткіземіз.

Сондай – ақ, «Әке мен бала» атты әңгімесінде сыныпта «Сахналау» әдісін қолдана өткізіп, ой – пікірлерін білу үшін шағын эссе жаздырттық. Яғни, бұл өлеңді мәнерлеп оқып, түсіну барысында шәкірттеріміз бір нәрсеге қол жеткізу үшін бірлік қажеттілігін анық түсінді. Міне, осы жаңашылдықтардың барлығы да оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдана отыра сабақ сапасын арттыру элементтері болып табылады. Педагогикалық үрдісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану бізді де шеберлік жағынан шыңдайтындығы рас. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болуы мүмкін емес. [8, б. 32–34] Жаңа технологияны меңгеру интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқушыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда РАФТ, INSERT, «Екі түрлі түсінік күнделігі», «Еркін жазу», «Дөңгелек үстел», «Үш қадамдық сұхбат», «Бес жолды өлең», «Эссе», «Түртіп алу» сияқты әдістердің тиімді де ұтымды жақтары көп. Сондай – ақ, оқушылардың еркін ойлау мүмкіндіктерінің ашылуына себеп болған стратегия – ой толғаныс сатысы. Сабақтың ой толғаныс кезеңінде «Еркін жазу» стратегиясын қолдану өте тиімді. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер – оқушы. [9, б. 36–37] Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет. Білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оны оқушылардың психологиялық жас ерекшелік – теріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технология мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік

және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін – өзі дамытуына, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл технологияның ұтымдыәдіс – тәсілдерін өз тәжірибемде жиі қолданамыз. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдас–тырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Осы педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметінің, іс – әрекетінің жүйелі дамып, отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Сабақ кезеңінде «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Ой қозғау», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістерді үнемі қолданамын. Яғни, тиімділігі тақырыпқа байланысты не біледі, соны жазады өз білімін, тәжірибесіне сүйеніп немесе өздері тақырыптық сызба жасаулары мүмкін. Бұл жұмыстарды орындау барысында балаларда өз күшіне деген сенімділік пайда болып, білімдері кеңейеді.

Осы орайда шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс – әрекетін ұйымдастыру тақырыпты мазмұнына сай жинақтау, сөзжұмбақ құрау, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құрау т.б жұмыс түрлері арқылы іске асады. Мәселен, тақырыптан ауытқымау, сөз жүйелілігі, қысқа да нұсқа ақпарат бере отырып сабақ түсіндіру, видео, аудио түсіндірме, көрнекі құралдарды орнымен пайдалану оңтайлы тәсіл дегім келеді. Өзіміздің тәжірибемде білім алушының тілін дамытуда заманауи тапсырмаларды түрлендіру арқылы төрт тілдік дағдыларды назарда ұстаймыз. Әсіресе тыңдалым барысында аудио мәтін білім алушылардың тілін дамытуда маңызы зор. Ал, айтылым дағдысында оқушының мәтінді жеткізу қабілетін жетілдіруге болады. Инновациялық әдістер оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік бере отырып, тапсырманы орындауда өз үлесін сезінуіне мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс–тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалуға тиіс. Сонда ғана ойын мен оқу табиғи үйлесімді болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды.

Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда белсенді оқудың стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсам: белсенді оқу – оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді. Бірлескен оқу – құрылымдалған топтық жұмыс. Саралау – әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Инновациялық әдістер оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік бере отырып, тапсырманы орындауда өз үлесін сезінуіне мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс–тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Әрбір оқушыға барынша сыни, тиімді және проблемаларды бірлесіп шешуде көмектесіп, оқытудың ортасын қалыптастыру мүмкіндігі бар екендігіне көзімізжетті. Тақырып бойынша әр оқушы ақпаратты анықтап, болжам жасауға, өз ойын айтып, сараптама жасауға дағдыланады. «Попс» формуласы әдісінде бірінші сөйлем «Менің ойымша», екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін», үшінші сөйлемде «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын» деген оймен тиянақталады.

Яғни, айтылған пікір қайталанбауы керек, ойын тұжырымдап, нақты жауапқа бағыттайды. Оқылым дағдысында «Пирамидалық талқылау» стратегиясын қолданамыз. Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір – бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды. Стикерлермен жұмыс барысында жаңа сөздерді жаттаудың бірнеше жолы бар. Бұл әдісті жүйелі орындау, сөздерді ұзақ есте сақтауға мүмкіндік береді. Жазылым барысында «Фишбоун» белсенді оқыту әдісінің маңызы зор. Орындалу барысы: басы – тақырыптың мәселесі, үстіңгі сүйектері – тақырып–тың негізгі түсініктері, астыңғы сүйек–тері – себептері, құйрығы – мәселенің шешімі болып келеді. Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек, олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалар болуы мүмкін. Ал, «Қарлы кесек» тәсілінде мақал–мәтелдер туралы мәтін оқыған соң мақал–мәтел жазылған қағазды умаждап, бір–біріне лақтырады.

Тосып алған оқушы сол мақалдың мағынасын ашып, түсіндіруі керек. Ең көп мақал жазған оқушылар өз тізімдерін сыныпқа оқиды, ал басқалары кейбір мақалдарды немесе сол мақалдарға қатысты сұрақтарды өз тізімдеріне қоса алады. Міне, осындай әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тыңдалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады. Күнделікті математика сабақтарында логикалық ойлауды дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен тапсырмаларды жүйелі қолдану да оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырады және дамытады, оларды қоршаған шындықтың қарапайым заңдылықтарын сенімді басқаруға және математикалық білімді күнделікті

өмірде белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл бір сөзбен айтқанда заман жетістігі деген ойдамыз. Өйткені, бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел ертеңі. Ендеше, әрдайым жұдырықтай жұмыла біліп, жаңа білім беру мазмұнында еңбегімізді еселей берейік дегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлемдік педагогикалық ой–сана: 2020 ж №4, 38–39 б.
2. Бастауыш сынып республикалық журналы 2020 ж №5, 25–26 б.
3. Білімді ел республикалық журнал 2021 ж. №6 12–13 б.
4. Заман талабы – жаңаша республикалық журналы 2021, №7 23–24 б.
5. Қазақстан мұғалімі 2021 ж №8 32–34 б.
6. Қазақстан мектебі 2022 ж №9 36–37 б.

ӘОЖ 371.321.5

**БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕ**

Есенғалиева Жанар Жалғасовна
E–mail: esengaliewa@mail.ru
Хасанова Канагат Жасулановна
E–mail: kanagatkhasanova@gmail.com
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 3 мектеп–гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар мұғалімдерге оқу – тәрбие үдерісінде инновациялық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер. Дұрыс ұйымдастырылған біліммен сусындатады, сонымен қатар шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану сабақтағы оқушылардың интеллектуалдық енжарлығын жеңуге мүмкіндік беріп отыр, мұғалімнің оқу–тәрбие қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: *технологиялар, тиімділігі, мүмкіндіктер, қабілеттер.*

Аннотация

Информационно–коммуникационные технологии – это новые возможности для педагогов реализовать свои инновационные идеи в образовательном процессе. Он обеспечивает хорошо организованное обучение, а также дает возможность развивать творческие и интеллектуальные способности. Использование информационных технологий на уроке позволило преодолеть интеллектуальную пассивность учащихся на уроке, позволило повысить эффективность учебно–воспитательной деятельности учителя.

Ключевые слова: *технологии, эффективность, возможность, способности.*

Abstract

Information and communication technologies are new opportunities for teachers to implement their innovative ideas in the educational process. It provides a well–organized education, and also gives an opportunity to develop creative and intellectual abilities. The use of information technologies in the classroom allowed to overcome the intellectual passivity of the students in the classroom, and made it possible to increase the effectiveness of the teacher's educational activity.

Key words: *technology, efficiency, opportunity, ability.*

*«Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек»
деп жазды Ж. Аймауытов*

Әлемде ақпарат ағынының қарқынды өсуі, жаңа ақпараттық технологиялар мен олардың мүмкіндіктерін дамыту, білім беру саласын ақпараттандыру принципі қазіргі кезде өзекті мәселе болып тұр. Өзектілігі сонша, әр бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық – коммуникациялық технологияларды белсенді түрде өз сабақ жоспарына енгізуі қажет. Білім беру ортасын ақпараттандыру отандық және шет елдік тәжірибе бойынша оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқушыларды оқытуда және тәрбиелеу сапасын арттыруда, білім беру ұйымдарының заманауи компьютерлік бағдарламаларды қолдану қажеттілікті туғызады.

Білім берудегі ақпараттық – коммуникациялық технологиялар – бұл мұғалімдердің қызметін жетілдіру мақсатында қолданылатын нысандар, әдістер кешені деп санаймыз. Бұл технологиялар мұғалімдерге оқу – тәрбие үдерісінде инновациялық идеяларын жүзеге асыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер. Дұрыс ұйымдастырылған біліммен сусындатады, сонымен қатар шығармашылық,